

**Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының
«Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының докторанты
Уразбаева Шарипа Нурымбетовнаның 6D041600 – Өнертану
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін
алу үшін дайындаған «Заманауи қазақ киносындағы гендердің
репрезентациясы (1991-2016)» атты диссертациясына**

ШІКІР

Докторант Ш.Н.Уразбаеваның «Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы (1991-2016)» атты диссертациялық жұмысынан ұқыптылықтың, зейінділіктің және ғылыми тиянақтылықтың көріністері аңғарылады. Ізденуші өзінің диссертациялық жұмысында заманауи қазақ киносының ауқымдылығына ғана тоқталмай, кеңестік кездегі қазақ киносының тарихына да шолу жасап кетеді. Жалпы, қазақстандық фильмдердің тарихы, дамуы, өзгеруі, заманауи беталысы турасында жазылған еңбектер аз деседі болады. Болған күннің өзінде де олар орыс тілінде. Меніңше, бұл жұмысты толықтырып, кейін әдістемелік құрал ретінде шығаруға әбден лайық деп санаймын.

Бүгінгі таңда кино саласы әлемдік рухани-идеологиялық дода майданына айналды. Бұл өнер түрі жалпыхалықтық эстетикалық, этикалық тәрбие мектебінің қайнар көзі деуге болады. Оның осынау теңдессіз мәдени-идеологиялық қуатын аңғарған елдер оны жан-жақты зерттей бастады. Соның бір бағыты кино саласындағы гендерлік көріністердің өзіндік ерекшеліктері. Осы орайда докторант ұсынып отырған ғылыми диссертациясы алға қойған мақсаттарына толығымен жете алған. Бұл жерде ізденуші қазақ киносында орын алатын гендер репрезентациясына, оны болмыс-бітімі бөлек қазақ халқының қабылдау ерекшеліктеріне тоқтала отырып, оның ішіндегі әйел режиссерлер түсірген фильмдердің ұлттық кинодағы қырларын зерделей келе оған өзіндік көзқарасын білдірген және оның маңыздылығын айқындаған.

Ізденуші бұл жұмысында гендер репрезентациясының құрылымдық ерекшеліктеріне талдау жасап қана қоймай, оның өзіне тән ерекшеліктерін анықтайды, тақырыптық-идеялық маңызын ашады. Қазақ кинематограф тарихындағы көркемсуретті және деректі фильмдердің жиынтығын саралап, жеке дара топтамасын дайындаған. Бүгінгі кино саласындағы ізденістер мен жетістіктер санағын шығарып, зерттеген.

Ш.Н.Уразбаеваның диссертациялық жұмысы Кіріспеден, «Кино өнеріндегі гендер «репрезентациясы» зерттеуінің теориялық негіздері», «Гендерлік ұстаным контекстіндегі қазақ кино өнерінің өзіндік ерекшеліктері» және «Қазақ кинорежиссерлерінің шығармашылық даму үрдістері» атты үш бөлімнен тұрады. Әр бөлімнің мазмұны екі тарауша арқылы ашыла түседі. Қорытындыда қол жеткізілген жаңалықтар

дәлелденген, және тұжырымдар орынды жасалған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми жұмыстардың талаптарына сай алынған. Диссертациялық жұмыстың ұтымды тұсы халықаралық ғылыми терминдердің жоғарғы деңгейде қолданылуы. Ізденуші өз еңбегін хроникалық тәртіп арқылы талдайды, осыған байланысты тақырыптың мәселесі тарих пен заманауи үдерістің салыстыру және сабақтастыру көрінісі негізінде өрбиді. Бұл оқып, түсінуге қолайлы әрі көңілге қонымды.

Аталмыш жұмыста қазіргі кезеңде отандық кино саласында жүріп жатқан заманауи фильмдерді қамту мақсатында мол ізденістер жасап, олардың артықшылығы мен кемшін тұстарының ара жігін толықтай ашуға талпыныс жасалғанын көруге болады. Әсіресе қазақ киносында өзім біле бермейтін әйел режиссерлердің шығармалары, олар туралы мәліметтер, олардың фильмдеріндегі режиссерлік шешім мен көркемдік тұстары үлкен қызығушылық танытады. Осы тұста докторант қазақ киносында еңбек еткен нәзік жанды, алайда рухы мықты әйелдердің фильмдеріндегі көркемдік идеясына тоқталып, қазақ кино тарихында олар туралы ауқымды еңбек қалдыруды ниет еткен.

Қорыта айтқанда, Ш.Н.Уразбаеваның «Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы (1991-2016)» атты диссертациялық жұмысының тақырыбы толық ашылған, қол жеткізген нәтижесі нақты, ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізде қорытындыланған деп бағаланады. Докторанттың ғылыми-зерттеу еңбегі Ғылыми дәрежелер беру талаптарына сай орындалған.

Осыған орай, докторант Уразбаева Шарипа Нурымбетовнаның 6D041600 – «Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Пікір білдіруші:


Қазақ мемлекеттік қыздар

педагогикалық университетінің

Ақпараттық технологиялар

кафедрасының қауымдастырылған

профессор м.а., ф.-м.ғ.к.



Email: ekojaz@mail.ru